

Түркістан облысы Бәйдібек ауданындағы Нұра елді мекенін тарату туралы

Түркістан облысы әкімдігінің 2023 жылғы 20 қыркүйектегі № 208 бірлескен қаулысы және Түркістан облысы мәслихатының 2023 жылғы 11 қыркүйектегі № 5/67-VIII шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 21 қыркүйекте № 6348-13 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 11 бабының 3) тармақшасына сәйкес, Түркістан облысы Бәйдібек ауданының өкілді және атқарушы органдарының пікірін ескере отырып, Түркістан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Түркістан облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. Түркістан облысы Бәйдібек ауданы Мыңбұлақ ауылдық округіне қарасты Нұра елді мекені таратылсын.

2. Осы бірлескен Түркістан облысы әкімдігінің қаулысының және Түркістан облыстық мәслихаты шешімінің орындалуын бақылау Түркістан облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы бірлескен Түркістан облысы әкімдігінің қаулысы мен Түркістан облыстық мәслихатының шешімі оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Түркістан облысының әкімі

Түркістан облыстық мәслихатының төрағасы

Д. Сатыбалды

Н. Абишов